

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚҰҚЫҚ, II

Мемлекеттердің құқық
мирасқорлығы. 2-бөлім





Мирас қалдырушы мемлекеттің мемлекеттік мүлкі территория қағидатына сәйкес мирасқор мемлекетке өтуі – халықаралық әдет-ғұрып құқығының нормасы. Осылайша, мемлекеттік мүліктің мирас беруші мемлекеттің құқығына сай территориялық сипатта мирасқа қалуы жалпыға ортақ норма екені белгілі. Дегенмен осы тұрғыда жылжымалы және жылжымайтын мүліктердің айырмашылығын анықтап алу қажет. Мемлекеттің жылжымайтын мүлкі қай мемлекеттің территориясында орналасса, мирасқорлық бойынша сол мемлекетке өтеді. Бұл туралы 1983 жылғы Вена конвенциясында да айтылған. Мемлекеттердің практикасында да осылай қалыптасқан. Мұны жақында ғана Югославия жөніндегі арбитраж комиссиясы растады және 2001 жылғы Югославияның Мирасқорлық мәселелері туралы келісімінде де расталған. Ал егер жылжымайтын мүлік мирасқор мемлекеттен тыс жерде орналасса, мемлекеттердің әдеттегі практикасына сәйкес, сол мүлік мирас қалдырып отырған мемлекетке тиесілі болып саналады, (әрине, келісімде мирасқор мемлекеттердің біріне тиесілі деп көрсетілмесе). Бұл қағидат тек айрықша жағдайда ғана өзгеруі мүмкін. Ал мирас қалдырып отырған мемлекет өмір сүруін тоқтатса, әлгі мүлік мирасқор мемлекеттер арасында бөліске түседі.

Жылжымалы мүлік мирасқор мемлекеттің территориясымен байланысты болған жағдай өз алдына жеке мәселе. Бұл жерде территориялық қағидаттың басымдығы бар. 1983 жылғы Вена конвенциясындағы бұған қатысты норма әлдеқайда икемдірек. Бұл нормаға сәйкес, «мирас қалдырушы мемлекеттің жылжымалы мүлкі мирасқор мемлекеттің қызметіне қатысты болса, онда ол мирасқор мемлекеттің меншігіне өтеді». Дегенмен бұл жерде шегарада орналасқан және сол жерде «жергілікті мақсатта қолданылатын» немесе «мирас беруші мемлекеттің қызметіне байланысты әрекет етіп отырған жылжымалы мүлікке» қатысты қарама-қайшылық туындайды. Бір мемлекет екінші мемлекетті қосып алғанда және біріккенде мирасқорлық мәселесі азырақ туындайды. Себебі бір мемлекетті өзіне қосып алған мемлекет оның активтерін де, қарыздарын да өз мойнына алады. Дегенмен бұл мәселе де Германияның бірігуі кезінде талқыға түсті. Германияның бірігуі туралы шарттың 21-бабында Германия Демократиялық Республикасының әкімшілік мақсатта қолданылып отырған активтері ендігі жерде федералдық актив болатыны және ГДР территориясында мемлекеттік мақсатта қолданылатыны айтылған. Жалпы, бұл салада кейбір нақты және айқын нормалар бар екеніне қарамастан, негізінен, әрбір нақты жағдай арнайы келісімдер арқылы шешілетіні көрініп тұр. Мысалы, Чехословакия Республикасы ыдыраған кезде екі мирасқор мемлекет халық санына қатысты үлесі бойынша активтер мен қарыздарды бөліп алуға келіскен. Ал Кеңес Одағы ыдыраған кезде, Ресей мен басқа мирасқор мемлекеттер 1991–1992 жылдары арнайы келісімдер жасап, КСРО-ның активтері мен қарыздарын өзара бөліп алған. Оның ішінде Ресейге 61,34%, ал Украинаға 16,37% үлес бөлуге келісілген.

Мемлекеттің мұрағаты

Мұрағаттар – мемлекеттің өзіндік сипатқа ие меншігі. Олардың көпшілігін сипатына байланысты бөліп-ажырату қиын. Бірақ оп-оңай көшіруге және дубликатын алуға болады. Мұрағат – қоғам мұрасының маңызды бөлігі: көптеген құжаттардан, нумизматикадан, коллекциялардан, иконографиялық құжаттардан, фотосуреттерден, фильмдерден тұруы мүмкін.

ЮНЕСКО мемлекеттің мәдени мұрасы ретінде мұрағаттарды қорғау мен қалпына келтіру мәселесіне айрықша көңіл бөледі және құн жетпес мәдени мұраларды бастапқы иесіне қайтаруды талап етеді. Бұл орайда 1982 жылғы Теңіз құқығы туралы конвенцияның 149 және 303-баптарына назар аударған жөн. 149-бапта Халықаралық теңіз табанында табылған кез келген археологиялық және тарихи мұра бүкіл адамзаттың игілігі, «атап айтқанда, сол мұраны жасаған мемлекеттің құқығы басым болады немесе сол тарихи және археологиялық мәдениетке ие мемлекеттің құқығына басымдық беріледі» делінген.

Мемлекеттер теңізде табылған археологиялық және тарихи сипаттағы объектіні қорғауға міндетті және осы бағытта ынтымақтасуға тиіс. Ал 1983 жылғы Вена конвенциясында мемлекеттің мұрағаттары мирасқорлық қабылданған күні өткізіледі және оған ешбір өтемақы төленбейді. Тек сол мемлекеттің территориясында орналасқан үшінші бір мемлекеттің мұрағаты ғана мирасқор мемлекетке өтпейді делінген. Мемлекет территориясының бір бөлігі басқа



мемлекетке ешбір келісімсіз өткен кезде сол жердегі мемлекеттің мұрағаты, сол территорияға айрықша қатысты мұрағат осы территорияны келешекте басқаратын мемлекетке өтуге тиіс, себебі бұл мұрағат сол территорияны тиімді басқару үшін қажет. «Мемлекет жаңадан тәуелсіздік алған» кезде де осы норма, бірақ біраз өзгерген қалпында қолданылады. Тәуелділік кезінде отаршыл мемлекеттің мұрағаты болып құрылған, бірақ сол территорияға қатысты мұрағат мирасқор мемлекеттің меншігіне өтеді. Бұл жерде тәуелділікке дейінгі құжаттарды, орталық үкімет пен жергілікті биліктің құжаттарын, діни министрліктер мен тайпалардың, жекеменшік мекемелер мен жеке тұлғалардың құжаттарын сақтап отырған мұрағаттар айтылып отыр. Бұл тұрғыда 1947 жылғы Италиямен жасалған бейбіт келісімді атауға болады. Бұл келісімде Италияға бұрын Эфиопияға тиесілі болған, 1935 жылғы қазаннан бастап Эфиопиядан әкетілген мұрағатты түгел қайтадан қалпына келтіру міндеті жүктелді. Франция мен Вьетнам арасындағы 1950 жылғы келісімде бүкіл тарихи мұрағатты қалпына келтіру міндеті Вьетнамға жүктелген болатын. Алжир тәуелсіздік алғаннан кейін Франциямен арада мұрағат туралы дау шығып, нәтижесінде Алжирдің отарлық кезеңіне дейінгі мұрағаттың бәрін Франция алып кетті. Сонымен қатар Вена конвенциясының 8(2)-бабына сәйкес, мирас қалдырушы мемлекеттің мұрағатындағы мирасқор мемлекеттің территориясына қатысты құжаттарды (жоғарыда айтылғандардан басқа) мирасқор мемлекетке беру немесе көшіріп беру екіжақты келісім арқылы жүзеге асырылады. Бұл жерде мұрағаттағы отарлауға қатысты құжаттар мен отарлық кезеңге қатысты құжаттардың орны бөлек. Франция 1975 жылы Алжирге осындай құжаттарды өткізуде алғаш рет көшіріп беру тәсілін қолданды. Осы жерде бұрынғы отар мемлекетке мұрат құжаты неге маңызды болатынына бір мысал келтіре кетейік. Мысалы, жаңадан тәуелсіздік алған мемлекеттерде шегара туралы дау туындағанда отарлық туралы шарттарға және сол даулы аймаққа қатысты отарлаушы мемлекеттің әкімшілік саясатына сілтеме жасалады. Сондықтан бұл өте маңызды мәселе.

Жеке құқықтар

Жалпы, мемлекеттің мирасқорлығы жеке құқық мәселесіне қаншалықты әсер етуіне байланысты. Бұл мәселе мемлекеттің егемендігі мен мемлекеттің құқығын құрметтеу қағидаттарына және экспроприация мәселелеріне қатысты. Мирасқор мемлекеттің территориясында тұратын тұрғындар енді сол мирасқор мемлекеттің азаматы болып саналатындықтан, осы мемлекеттің заңдарына толық бағынады және халықаралық адам құқығы нормаларын санамағанда, басқа халықаралық құқық нормаларын тікелей қолдана алмайды. Демек, егемендік ауысқан кезде шетелдіктер құқығының мирасқорлығы мәселесі талқылауға жиі түсіп жатуының ең басты себебі де осы. «Қол жеткізілген құқық» доктринасы осы тұрғыдан тұжырымдалған. Бұл доктрина шетелдіктердің құқығын және кейбір ғалымдардың пікірінше, құқықтық мүдделердің барлық түрін қамтиды. Аталған құқықтар мемлекет мирасқорлықты қабылдағаннан кейін де күшінде қалуы мүмкін, кейде жаңа егемен билікке қарсы қолданылуы ықтимал. Бір сөзбен айтқанда, аталған доктринаның қолданылу деңгейі бойынша дау көп. Бір жағынан, егемендіктің ауысуы аталған құқықтарға әсер етпейді десе, екінші жағынан, құқықтық мирасқорлықтан туған өзгерістер шетелдіктерге еш әсер етпеуге тиіс деген көзқарастар бар.

Мемлекеттің құқықтық мирасқорлығы және азаматтық

Мемлекеттің құқықтық мирасқорлығы мен азаматтық мәселесі басқа салалардағы мәселелермен қатар, адам құқығы мәселесімен де тығыз байланысты. Мемлекеттің азаматтық беруі өз еркінде, бірақ мирасқорлық кезінде басқа мәселелер туындауы мүмкін. Негізі, азаматтық мәселесі – мирас қалдырушы мемлекет пен мирасқор мемлекет арасындағы жан-жақты реттелуге тиіс мәселе. Мирас қалдырушы мемлекеттің заңдарында сецессияланатын территориядағы тұрғындардың егемен билік ауысқаннан кейін азаматтығын сақтап қалуы туралы айтылса, мирасқор мемлекеттің заңдарында ол тұрғындарға азаматтық беру жолдары айтылады. Бұл жердегі басты норма – егемендікпен бірге азаматтықтың да өзгеруі. Бірақ



жаңа егемен билік өзінің территориясында дүниеге келген азаматтар мен тұрғылықты халыққа, сондай-ақ шетелде туса да, ата-анасы осы территорияның азаматы болып саналатын адамдарға қатысты тиісті нормалар қабылдауға міндетті. Бұл жөнінде біз өткен дәрістерімізде арнайы тоқталған. Сол сияқты, мирас беруші мемлекет те сецессияланған территориядағы азаматтарына өз азаматтығын сақтап қалу мүмкіндігін белгілей алады. Осылайша қос азаматтық туындауы мүмкін. Әрине, мирас қалдырушы мемлекет өмір сүруін тоқтатса, ондай жағдай болмас еді.

Жаңа территорияны иемденіп отырған кейбір мемлекеттер сол территорияның тұрғындарына азаматтықты автоматты түрде берсе, кей мемлекет тұрғындардың сол территориядан көшіп кетуіне, яғни бұрынғы азаматтықтарын сақтап қалуына жағдай жасайды. Бұл саладағы практика әртүрлі, көбіне нақты жағдайға байланысты. Бірақ 1961 жылғы Азаматтығы жоқтардың санын азайту туралы конвенцияда «территорияны бөліп алып отырған мемлекет егемен биліктің ауысуы салдарынан сол территориядағы тұрғынның азаматтықсыз қалмауын (апатридке айналмауын) қадағалауға тиіс» деп жазылған.

Бұл жерде мирасқор мемлекет мирас қалдырушы мемлекеттің қазір өз территориясында тұрып жатқан немесе сол территориясымен байланысты азаматтарына мирасқор мемлекеттің азаматтығын алуына жағдай жасауы керек. Екінші жағынан, сол территорияда тұратын адамдар қай мемлекеттің азаматтығын алатынын өз еркімен таңдауға құқылы.

1997 жылы Азаматтық туралы Еуропа конвенциясы қабылданды. Конвенцияға сәйкес, «мемлекеттер азаматтық пен мемлекеттің мирасқорлығы мәселесін өзара келісім арқылы шешуге тиіс». 18-бап бойынша, азаматтықты беру мен сақтап қалу туралы шешім қабылдағанда, әр мемлекет жеке тұлғалардың өзіне қатысты шынайы және тиімді байланысы туралы, оның тұрғылықты мекенжайы туралы мәлімет жинайды. Сондай-ақ жеке тұлғаның таңдауын, туған жерін ескереді. Ал, азаматтығы жоқтарға қатысты айтар болсақ, Конвенцияда «мирасқор мемлекеттің территориясында тұрып жатқан мирас қалдырушы мемлекеттің азаматтары мирасқор мемлекеттің азаматтығын алмаса да, сол территорияда тұруға құқылы» деп көрсетілген.

Халықаралық құқық комиссиясы 1999 жылы Мемлекеттердің мирасқорлығы мәселесіндегі жеке тұлғалардың азаматтығы туралы баптар жобасын қабылдады. Жобаның 1-бабында жеке тұлғаның азаматтық алу құқығы қарастырыла келе, «мирасқорлық берілген күні мирас қалдырушы мемлекеттің азаматы болған адам екі мемлекеттің кемінде біреуінің азаматтығын алуға құқылы» делінген.

Екі немесе одан да көп мемлекет бір мирасқор мемлекет құрса, онда мирасқор мемлекет мирасқорлықты қабылдаған күні сол мемлекеттердің азаматтығына ие болған адамдардың барлығына азаматтық беруге тиіс. Ал мирас беруші мемлекет ыдырап, екі немесе одан да көп мемлекет құрылса немесе мемлекет территориясының бір бөлігі бөлініп шығып, жаңа мемлекет құрылса, ал мирас беруші мемлекет өмір сүруін жалғастыра берсе, жоғарыда аталған норма осы екі жағдайда да қолданылады. Жобаның 22 және 24-баптарында әрбір мирасқор мемлекет, егер азаматтары басқаша таңдау жасамаса: а) өз территориясында тұрақты тұрып жатқан адамға; ә) мирасқор мемлекеттің территориясымен құқықтық байланыстағы адамға; б) азаматтығы жоқ, үшінші мемлекетте тұрақты тұрып жатқан, бірақ осы территорияда дүниеге келген немесе осы территориямен қандай да бір құқықтық байланысы бар немесе соңғы тұрғылықты жері осы мемлекет болған адамға өз азаматтығын бере алады.

Сұрақтар

1. Мемлекеттің халықаралық қауымдастық алдындағы міндеттемесі мен өзге мемлекеттер алдындағы міндеттемесі арасындағы айырмашылығы неде?
2. Геноцидке қарсы күрес туралы конвенция секілді маңызды шарттарға қатысты мирасқорлық автоматты түрде қолданылу керек деген судья Виранантри пікірімен келісесіз бе? Не себепті?
3. Мемлекет мүлкіне қатысты мирасқорлықта муниципалды (ұлттық) құқықтың маңыздылығы қандай?



Әдебиеттер

1. Сарсембаев М.А., Сарсембаев К.М., Международное право. Общая и особенная части: Учебник. Алматы: Жеті Жарғы, 2009. 6-тақырып.
2. Кулжабаева Ж.О., Международное публичное право. Общая и Особенная части. Алматы: Юридическая литература, 2006. 4-бөлім.
3. M. Craven, The Decolonisation of International Law: State Succession and the Law of Treaties, Oxford, 2007.
4. D. P. O'Connell, State Succession in Municipal Law and International Law, Cambridge, 2 vols., 1967.